

***Даналығын халқымның
мақтан етем***

Естіге айтқан ақыл сөз,
Шыңға тіккен тумен тең.
Ессізге айтқан ақыл сөз,
Құмға сіңген сумен тең.

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын қуса игі.
Өзіне келер ұятты,
Өзі біліп тұрса игі.

**Олай болса, кеш барысымен
таныстыра кетуді жөн деп тұрмын.
Кеш төрт бөлімнен тұрады.**

I бөлім: Аталар сөзі- ақылдың көзі

II бөлім: Даналар сөйлейді.

III бөлім: Ырым – тыйым ұлағат көзі.

IV бөлім: Сенің әрекетің

I бөлім:

Аталар сөзі- ақылдың көзі

*Атам маған қашан да
Әділетті бол деген
Ата сөзі санамда,
Жүрем тура жолменен.*

*Қалдыратын ұятқа,
Жалған сөзге төзбеймін.
Жеткізеді мұратқа,
Тек шындықты көздеймін.*

II бөлім:

Даналар сөйлейді.

Әбунасыр Әл-Фраби



Қажетті дағдылар мен жақсы мінез -құлық адамды бақытқа кенелтеді, жаман мінез –құлық- бұл рухани дерт.

Жақсы мінез -құлық пен ақыл ой –парасаты, адамның қадір- қасиеттері қалыпты іс -әрекет үстінде ғана қалыптасады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күш болып екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады . Адам бойындағы мінез –құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре тұра пайда болады.

Махмуд Қашғари



*Ақылды ал, ұл-
қызым, рақымшыл
бол, білгеніңді
ортақтас.*

*Қайырымдылық –
адам көркі, ал білім
–оның байлығы*

Ыбырай Алтынсарин



*Байлық –
қанағат пен
еңбекте*

Андрей Платонов



*Біз тәрбиелей отырып,
жер иесін
тәрбиелейміз.*

**Әбунасыр
Әл-Фраби**



**Өрге жүзген өнегелі
ісімен,
Таңда адал дос
өз теңіңінің ішінен.**

III бөлім:

Ырым – тыйым ұлағат көзі.

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының тыйымдары мен ырымдары, наным – сенімдерінің алатын орны ерекше.

Өйткені оларда халықтық ғасырлар бойы жинақтаған бай тәжірибесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан.

IV бөлім:

Сенің әрекетің

1.сұрақ:

Сен өте асығыссың. Себебі сабаққа үлгеруің керек. Көшеде бала жетектеп келе жатқан қария кісіні қағып кеттің. Ол кісі құлап түсті, немересі қорыққаннан жылап жіберді. Сенің әрекетің.

2.сұрақ:

Саған анаң өзі жұмыстан келгенше үйді жинастырып қоюды өтінді. Сен достарыңмен ойнап жүріп бұл өтінішті ұмытып кеттің. Анаң жұмыстан келіп, үйді өзі жинастырып қойды. Анаң саған ренжулі еді. Сенің әрекетің.

3.сұрақ:

Есіктің қоңырауы соғылды. Сен барып қарасаң, ауылдан келген туысқаның. Сенің анаң ешкімге есікті ашпауыңды ескерткен. Сенің әрекетің.